

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.С. Сагинтаева
«__» _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ ЭНЕРГЕТИГІ

ЛН 241-2024

Өзірлеген: ӨЗД директоры
М.М.Кожухова _____

Дана № _____

Көшірме № _____

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі энергетиктің лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа да персоналмен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Энергетик қызмет көрсету персоналы санатына жатады.

2.2 Энергетикті лауазымына тағайындау және одан босату (шаруашылық бөлімі (бұдан әрі – ШБ) бастығының ұсынысы бойынша) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.3 Энергетик ШБ бастығына тікелей бағынады

2.4 Энергетикке электриктер бағынады.

2.5 Энергетик орнында болмаған кезде (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды. Ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

2.6 Энергетик өз қызметінде Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) қолданыстағы заңнамалық актілерін, ҚР Үкіметінің нормативтік актілерін, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысын және факультет туралы ережені, ИСО 9000 сериясының халықаралық стандарттарын, «Сапа жөніндегі басшылық», ұйымның стандарттарын және сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі - СМЖ) басқа да құжаттарын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, ішкі тәртіп ережелерін және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

3. Сипаттама

3.1 Біліктілік талаптары: энергетик лауазымына осы мамандық бойынша жоғары білімі және электр қондырғыларында жұмыс істеуге рұқсаты бар топ және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

3.2 Энергетик:

- ұйымға энергетикалық қызмет көрсету бойынша заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарды;

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді;
- ұйымның бейінін, мамандануын және ұйымдық-технологиялық құрылымының ерекшеліктерін, оның даму перспективаларын;
- ұйым өнімдерін өндіру технологиясының негіздерін, экономикалық қызмет түріндегі және ұйымдағы өндірісті энергиямен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, жабдықтарды жоспарлы - алдын ала жөндеу және рационалды пайдалану жүйесін, өндірістік қуаттар, техникалық сипаттамалар, энергия пайдаланатын қондырғылардың, энергетикалық жабдықтардың конструктивтік ерекшеліктері мен жұмыс режимдерін, оларды пайдалану тәртібін;
- жабдықтардың жұмысын жоспарлау және жөндеу жұмыстарын жүргізу тәртібі мен әдістерін, техникалық құжаттаманы әзірлеу және ресімдеу жөніндегі ережелерді, нұсқаулықтар және өзге де басшылық материалдарды;
- монтаждаудан және жөндеуден кейінгі жабдықты қабылдау және тапсыру тәртібін, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы;
- энергетикалық жабдықты пайдалану, жөндеу және жаңғырту кезінде еңбекті ұтымды ұйымдастыру талаптарын, отын-энергетикалық ресурстар шығысының нормаларын әзірлеу тәртібін;
- ұйымды электр энергиясымен, бумен, сумен және энергияның өзге де түрлерімен жабдықтауға шарттар жасасу тәртібін;
- өндірісті энергиямен қамтамасыз ету саласындағы озық отандық және шетелдік тәжірибені;
- экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздерін;
- еңбек заңнамасын, ішкі еңбек тәртібінің ретін, еңбек қауіпсіздігін және еңбек қорғауды, өндірістік санитарияны, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет.

3.3 Лауазымдық міндеттері:

- өз міндеттерін ұйымның бірінші басшысының және оның орынбасарларының жалпы басшылығымен және өзге де бөлімшелер мен қызметтердің басшыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып орындайды;
- өз құзыреті шегінде бөлімшенің жұмысын үйлестіру және бағыты бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелердің (қызметтердің) қызметіне басшылықты жүзеге асырады, әкімшілік мәселелерді шешеді;
- энергетикалық және табиғатты қорғау жабдықтары мен энергия жүйелерін техникалық дұрыс пайдалануды және уақтылы жөндеуді, электр энергиясымен, бумен, газбен, сумен және энергияның өзге де түрлерімен өндірісті үздіксіз қамтамасыз етуді, ұйымдағы энергетикалық ресурстардың ұтымды жұмсалуды бақылауды, үнемдеу режимін дәйекті сақтауды ұйымдастырады;
- энергетикалық цехтар мен шаруашылықтардың жұмысын ұйымдастыруға және жоспарлауға, энергетикалық жабдықтар мен энергия желілерін жөндеу кестелерін, электр энергиясын өндіру және тұтыну жоспарларын әзірлеуге

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

басшылық етеді,

технологиялық отын, бу, газ, су, сығылған ауа, тұтыну нормалары және энергияның барлық түрлерін тұтыну режимдерін ;

- энергетикалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді сатып алуды, электр және жылу энергиясын ұйымдастыруды босату және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қосымша қуат қосуды, энергия ресурстарын жұмсау нормаларын төмендетуді, энергия қондырғыларының неғұрлым сенімді, үнемді және қауіпсіз жұмысына ықпал ететін жаңа техниканы енгізуді, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге өтінімдер мен қажетті есептерді жасауды қамтамасыз етеді;

- энергия шаруашылығын перспективалық дамыту жоспарларын, өндіріс тиімділігін арттыру жоспарларын әзірлеуге, ұйымды қайта құру, техникалық қайта жарақтандыру, өндірістік процестерді кешенді механикаландыру және автоматтандыру құралдарын енгізу жөнінде ұсыныстар дайындауға, ұйым мен оның бөлімшелерін энергиямен жабдықтау жүйелерін қайта құру және жаңғырту жобаларын қарауға, жаңа энергия объектілерін жобалауға және жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялауға техникалық тапсырмалар жасауға қатысады;

- әзірленген жобалар бойынша қорытынды береді, энергия қондырғылары мен желілерін өнеркәсіптік пайдалануын сынауға және қабылдауға қатысады;

- жер асты құрылыстары мен коммуникацияларын қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етеді, байланыс, дабыл беру, есепке алу, бақылау, қорғау және автоматика құралдарын тексеруді, сондай-ақ мемлекеттік техникалық қадағалауды жүзеге асыратын органдарға қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен ыдыстарды уақтылы көрсетуді ұйымдастырады;

- отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін, энергия қондырғылары жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттыру, авариялардың алдын алу, оларды пайдалану кезінде қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді ұйымдастырады;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау жөніндегі тәртіптің, энергия қондырғыларын пайдалану және энергия жабдықтары мен желілерін пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- энергия жабдықтарын сақтауды, олардың бар-жоғын және қозғалысын есепке алуды, сондай-ақ электр энергиясы мен отын шығынын, энергия шаруашылығы жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерін, авариялар мен олардың себептерін есепке алуды және талдауды ұйымдастырады;

- энергетикалық жабдықтарды пайдалану, отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу және ұтымды пайдалану саласында тәжірибе алмасу бойынша жұмыс жүргізеді, энергия қондырғыларын пайдалану бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге жәрдемдеседі;

- энергия шаруашылығы учаскелерінде еңбекті ұйымдастыруды жетілдіруді,

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

жұмыс орындарын аттестаттауды және рационализациялауды жүргізуді, энергия жабдықтарын жөндеу мен пайдаланудың жаңа прогрессивті әдістерін енгізуді қамтамасыз етеді;

- энергия жабдықтары мен энергиямен қамтамасыз етуді жетілдіруге қатысты рационализаторлық ұсыныстар мен өнертабыстарға қорытынды береді, қабылданған ұсыныстарды енгізуді ұйымдастырады;

- қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтайды;

- электрондық құжаттардың қағаз түпнұсқаларға сәйкестігі үшін, сондай-ақ «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ электрондық құжат айналымы жүйесінде оларға мәліметтерді уақтылы енгізу үшін дербес жауапты болады;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ шығарған қарарларға енгізілген электрондық қолтаңбаға, электрондық құжат айналымы қағидаларының сақталуына және электрондық құжат айналымы жүйесінің ішіндегі құжаттар мен ақпараттың сақталуына дербес жауапты болады.

3.4 Құқығы:

- университет Басқарма Төрағасы - ректорының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының қарауына "Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті" КеАҚ электр шаруашылығының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге;

- ТПЕ және ҚТЕ, ЭҚО қағидаларының талаптарын орындау бөлігінде электр қондырғыларының дұрыс жұмыс істеуін тексеруді жүзеге асыруға;

- энергетикалық қызмет қызметіне байланысты құжаттарға қол қою және бұрыштама қоюға;

- энергетикалық қызмет қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар беруге; олардың уақтылы және сапалы орындалуын талап етуге;

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директордың қарауына бөлімнің ерекшеленген қызметкерлерін көтермелеу, өндірістік және еңбек тәртібін бұзушыларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

3.5 Жауапкершілігі

Энергетик:

- Қағидада көзделген өз қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе мүлде орындамағаны үшін;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалған;

- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар,

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін;

- ҚР қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;

- материалдық залал келтіргені үшін - ҚР қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;

- университеттің еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін жауапты.

3.6 Өзара қарым-қатынас.

Жұмыс барысында бас энергетик барлық құрылымдық бөлімшелермен қызметтік қарым-қатынасқа түседі.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-қа өзгерістер мынадай жағдайларда енгізіледі:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлгенде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның атауы өзгергенде немесе лауазымның атауы өзгергенде.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- Заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық «Танысу парағында» (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып, қызметкердің назарына жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың есепке алынған данасы ШБ беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заңгерлік департаменттің (ӨЗД) кадр бөлімінде сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КсАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

А Қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің энергетигі	ЛН 241-2024 Нұсқа01 Күні 2024.10.01 8 беттің 1-беті
---	---	--

Б Қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]